Қаралды. 15.03.2024ж.

# ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы Атамекен бөбекжайы_____________________________________________________
Топ: ерте жас топ
Балалардың жасы: 1 жастан
Жоспардың құрылу кезеңі: 18.03 - 22.03.2024ж.
Педагогтың аты-жөні ____________________________________________________________________________________

| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күйімен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. **(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу** | Әңгімелесу: "Көркем шығарманың бас кейіпкерлері айтатын сөздерін есте сақтаудың маңызы". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | "Ойын бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарды өз еркімен алып, өзге баламен бөлісіп, алмасуға ынталандыру; ойнап болғаннан кейін ойыншықты өз орнына жинай білу әдетін қалыптастыру, мақтау. | "Үстел-үсті ойыны"<br>Мақсат-міндеттер. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүртуге ынталандыру, ойыншықтармен тазалықта ойнау туралы түсіндіру; ойыннан кейін ұсақ бөлшектерді өздігінен орнына сала білуге дағдыландыру, әрекеттің барысын бақылау, мақтау, қолдау. | "Табиғат бұрышы"<br>Мақсат-міндеттер. Табиғат бұрышындағы өсімдіктер өскен топырақтың құрғақ болуына көңіл аудару; өсімдіктерді күту барысында суарудың үлгісін көрсету; балаларды суғышты ұстап, суару амалына үйрету. | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **"Алынбалы-салынбалы ойыншыкпен ойнау".**<br>Максат-міндеттер: балаларда жағымды көңіл-күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Ойыншықтарым көп менің,<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін. | **"Түсі бойынша қою" ойыны.**<br>Максат-міндеттер: түсті ажырату бойынша жұмысты жалғастыру. Бір үлкен қорапта текшелер мен шарлар бар. Үстелдің үстінде тағы екі қорап болады: текшелер қызыл, шарлар жасыл қорапқа салу керек. Тапсырма: шарлар мен текшелерді түсі бойынша орналастыру.<br>**(сенсорика)**<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу"Ф. Оңғарсынованың ""Әдемі гүл"" ертегісімен танысу.""**<br>**Мақсат-міндеттер. Әңгімелесу, сергіту сәті, ертегі айту, жұмбақ жасыру, тақырып бойынша әңгімелесу, ғажайып сәт, қорытынды жасау, тақпақ жаттату, тыныс алу жаттығуы, дидактикалық ойыны, рефлексия.** | **"Ою саламыз" саусак жаттығуы.**<br>Максат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ырғағына сай орындауға дағдыландыру: ойлау, елестету қабілетін, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.<br>Зергер бала боламыз. (Екі алақанда ашу)<br>Оюды саламыз:<br>Бұлақ. (Қолдарды жұдырыкқа жинап, ішке карай бұрау)<br>Дөңгелек. (Шеңбер салу)<br>Ирек. (Толқындар жасау)<br>Қанат. (Қос қолмен бұлғау)<br>Гүлдер. (Алақандарды жайып, тігінен көрсету)<br>Көбелек. (Қос қолды айқастырып, бұлғау)<br>Д. Ахметова.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | |

| | |
|---|---|
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Текшемен жалпы дамыту жаттығулары.**<br>"Текшені текшемен"<br>Бастапқы қалып - аяқтар «тар жолда», артында текшелер.<br>1 текшені алға қарай созу; 2,3 - текшені текшеге соғу; 4 - бастапқы калыпка оралу.<br>«Шаршымен тізеге тигізу» Бастапқы қалып - аяқ иық енінде, белде текшелер. 1-алға еңкейіп, текшелер тізеге тигізу; 2 - бастапқы позиция.<br>«Текшелерге қол тигізбе»<br>Бастапқы қалып - отыру, қолдар жанында, текшелер еденде өкшеге жақын. 1-тізені бүгіп, өзімізге карай тартамыз; 2-бастапқы қалып.<br>«Бұрылыстар»<br>Бастапқы қалып - өкшеңізге отырыңыз, текшелер иықта.<br>1-бұрылу бір жағына, 2-бастапқы қалып, 3-екінші жаққа бұрылу, 4-б.қ.<br>«Отырып-тұру» Бастапқы қалып - аяқтар «тар жолда».<br>1-отырыңыз, қолымызды текшелермен алға созу, 2-б.қ.<br>Секіру. Жүрумен кезек секіруді орындаймыз.Барлық жаттығуларды 3-4 рет кайталаймыз.<br>**(дене шынықтыру)** |
| **Таңғы ас** | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Қомағай қоңыр аю,<br>Нанды шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір сөзін,<br>Аузы нанға толып тұр.<br>Сөйлемей іш тамақты,<br>тарсылдатпа табақты.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз) |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Таңғы сәлемдесу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды жағымды көңіл-күйге бөленуге тарту, сәлемдесу рәсіміне баулу; жақын тұрған балаларға көңіл аудартып, жылы шырайлен қабылдауға тәрбиелеу.<br>Қайырлы таң! Жаңа күн құтты болсын! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мейірім мен жылулыкка орта толсын!<br>Жақсы бастап күнімізді қарсы алайық,<br>Көп жұмыс бітірейік, шаршамайық!<br>Тусипжанова-Шагирова А.<br>**(сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | **Көктемгі демалыс.**<br><br>(сюжетті ойындар, үстел үсті ойындар, театр қойылымдары, басқатырғыш, логикалық ойындар, қыс қызығына байланысты суреттер бояу) | | |
| **2- таңғы ас** | Балаларға тамақ ішер алдында қолды жуу, тамақтану кезінде дұрыс отыруларын қадағалау, ескерту жасау: орындыққа сүйенбей, шынтақты дұрыс қойып отыруларын қатаң қадағалау; тамақ ішер алдында балалардың бір-біріне астың дәмді болуын тілеп; тамақтан соң алғыс айту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | | | |
| **Серуенге дайындық** | **"Киіну-шешіну".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларға киіну мен шешіну тәртібін үйрету және дағдыландыру, киіну және шешіну барысында ересектердің көмегіне жүгінуге үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Серуен** | **Бұлтты және аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Көктем туралы түсініктерін күшейту. Аспанның өзгеруіне назар аударту.<br>Аспан қандай: көк, бұлт пайда болды<br>- Бұлттар қандай түсті?<br>- Олардың жүзуін бақыла.<br>- Олар неге ұқсайды?<br>Ақсың, сұрсың қарасың | **Сүңгілерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)**<br>Мақсат-міндеттер. Сүңгілердің пішіні, көлемі әр түрлі болатынын атап өту. Олардың пайда болуын түсіндіру (қар ериді, су тамшылайды, бірақ үнемі бірдей, жылы емес; күн суық болғанда су тамшылары қатады, мұздақ төмен қарай өседі ). Балалардың көктемгі табиғаттың құбылысы жайында түсінігін кеңейту.<br>Бүршік жарып ағаштар, | **Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Балалардың құстарға қамқор болуға деген құштарлығын күшейту; олардың әдеттері мен ерекшеліктерін зерттеу.<br>Ағашты алаңға шығарып, оны қалың қарға [illegible], оны тығыз ұстау үшін сумен толтыру.<br>Құстарға арналған «мереке» ұйымдастыру. Ағаштың астына қарғаларға арналған сүйектерді | | |

| | |
|---|---|
| Түскі ас | **Гигиеналық дағдылар**<br>Мақсат-міндеттер. Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Балалардың беті - қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету. Ас-су ішкенде сөйлемеу. Тамақтанып болған соң "рақмет" айту. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>*Көркем сөз*<br>Қомағай қоңыр аю,<br>Нанды шашып жеп отыр.<br>Түсінбедік бір сөзін,<br>Аузы нанға толып тұр.<br>Сөйлемей іш тамақты,<br>тарсылдатпа табақты.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** |
| **Түскі ұйқы** | Мақсат-міндеттері: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойдыру.<br>**"Әлди-әлди" әні.**<br>Көзімнің ағы-қарасы,<br>Жүрегімнің парасы,<br>Уайым-қайғы ойлатпас,<br>Көңілімнің сапасы.<br>Айналайын, шырағым!<br>Көлге біткен құрағым!<br>Маңдайдағы құндызым,<br>Аспандағы жұлдызым.<br>**(көркем әдебиет, музыка)** |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары** | "Мейірімді мысық" (белді бүгіп, басты жоғары көтеру).<br>Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>**(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)** |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | Қалқып қайда барасың?<br>**Қимылды ойын «Шеңберге лақтыр». (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: әр түрлі заттармен әрекет ету қабілетін жетілдіру, заттарды екі қолмен белгілі бір бағытқа лақтыруға үйрету, көзді дамыту, қимыл-қозғалысты үйлестіру, ептілік, дене жаттығуларына қажеттілікке тәрбиелеу | Құстар ұя салады.<br>Сылдыраған бұлақтар.<br>Ағып бара жатады.<br>**Қимылды ойын доппен. (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер. Допты бір-біріне беруді үйрету; жылдамдықты дамыту.<br>Балалар тәрбиешімен бірге шеңберге тұрады. Тәрбиеші допты жанында тұрған балаға, ол көршісіне береді. Допты тез беру керек.Тәрбиеші допты қуып жетуге тырысады. | салып, ағаштың айналасына дән араласқан құм сеуіп қоюға болады.. Қандай құстар қандай жемді жейтінін балалармен бақылау.<br>Жылы жаққа ұшпайтын.<br>Біздің жақта қыстайтын.<br>Құстар жүрсе жуықта.<br>Жем шашуды ұмытпа<br>**«Құстар ұшады» қимылды ойыны (дене шынықтыру)**<br>Мақсат-міндеттер: 5-10 см биіктіктегі заттардан секіруге, бір-біріне соқтығыспай, шашырап жүгіруге үйрету.<br>Балалар бір платформада орналасқан объектілерде (орындықтарда, барларда) тұрады. Тәрбиеші: «Далада күн жарқырайды, құстар ұяларынан дән іздейді». Балалар секіріп түсіп, ойын алаңын айнала жүгіреді, «қанаттарын қағып, дәндерін шоқиды». «Түн» белгісі бойынша - құстар ұяларына оралады | |
| **Серуеннен оралу** | Серуеннен кейін беті-қолымызды сумен тазалап жууға дағдыландыру. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту.<br>Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға қолыңды жу.<br>Жуынсаң сен әрдайым,<br>Таза бетің, маңдайың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Бесін ас | Алдына койган аска назар аударту; дастаркан басында отыру мәдениеті, тамактану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. Жуыну кезінде қолдарын (алақандарын бір-біріне үйкелеу) және бетін алақандарымен жуу, ересектердің көмегімен беті-қолдарын сүрту. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | **«Киіз үй».**<br>Кел, балалар, тұрайық,<br>Үлкен шеңбер құрайық.<br>(шеңбер бойымен қол ұстасып тұрады)<br>Шаңыракты көтеріп,<br>Керегені құрайық. (қол ұстасып оларды көтереді)<br>Уықтай иіліп,<br>Шаңыраққа қосылып. (бір тізеге отырып, қолдарын шеңбердің ортасына қосады)<br>Киіз үйді құрайық.<br>**(сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)** | **"Тағам алдыру" сюжетті-рөлдік ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың ойын барысындағы қимылдарды орындауға үйрету.<br>Балалардың белгілі бір рөл үшін атрибуттарды өз бетінше таңдауға талпыныстарын ынталандыру; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)** | **"Алынбалы-салынбалы ойыншықпен ойнау".**<br>Мақсат-міндеттер: балаларда жағымды көңіл-күйдің пайда болуы үшін мүмкіндіктер жасау, ойлауды, зейінді, ұсақ қол моторикасын дамыту.<br>Ойыншықтарым көп менің,<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Кешке дейін жалықпай,<br>Бірге ойнап жүремін. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **"Наурыз" мәнерлеп оқу.**<br>Қарды еритіп жылғасы,<br>Наурыз келді – жыл басы.<br>Шуақ төкті жарық күн,<br>Мейрамында халықтың.<br>Бата беріп атамыз,<br>Бата беріп апамыз.<br>Тәтті болып жасалған<br>Наурыз дәмін татамыз.<br>Б. Жақыпов<br>**(сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет)** | **«Сыбызғыға үрле!» ойыны**<br>Күшті, тегіс дем шығаруды дамыту; ерін бұлшықеттерін белсендіру.<br>Жабдық: әр түрлі үрмелі музыкалық аспаптар: түтіктер, сыбызғы, флейта, мүйіз, гармоника.<br>Біз балаларға аспаптарды таратып, алдымен өз кезегінде, содан кейін бәрін бірге ойнауды ұсынамыз.<br>- Енді сенімен аздап ойнайық!<br>Сыбызғыны алып - ойнай бастайық!<br>Егер балалардың біреуі сыбызғыдан дыбыс шығара алмаса, оның дұрыс соғылған-соқпағанын | **"Бір" және "көп" дамытушы ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың «көп», «бір» ұғымдары туралы түсініктерін дамыту, «көп – бір» заттардың санын ажырата білуге жаттықтыру; ойлауын, зейінін дамыту.<br>Мұғалім ойыншықтар тобын қарастыруды ұсынады, екі «үйді» (бөлінген орындарды) қарап шығуды ұсынады, баламен бірге айтады: «Бұл үй - Көп» деп аталады, мынау «Бір» Содан кейін тапсырма беріледі: Мұқият | | |

3-апта Наурыз.

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тексеріңіз: аузынан шыққан дем күшті болуы керек және дәл сыбызғының қоңырауына түсіп кетуі керек. **(музыка)** | қараңыз ойыншықтар, ойыншықтарды үйге бірінде біреу, екіншісінде көп болатындай етіп қойыныз. **(сенсорика, сөйлеуді дамыту)** | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. **(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)**<br>Мақсат-міндеттер. Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту).<br>Музыкалық аспаптармен ойындар. Құстар тақырыбына байланысты әндер. **(музыка)**<br>Мақсат-міндеттер. Айналадағы дыбыстарға еліктеу арқылы ән айтуға қызығушылықты ояту (мысалы: мысық мияулайды, ара ызыңдайды). Ән айту кезінде балаларды белсенділік танытуға ынталандыру, ересектің орындауындағы әннің сөздерін бірге қосылып айту (дыбыстарға еліктеу, сөз тіркестерін қайталау).<br>Өнер бұрышында құстардың мүсіндеу жұмыстарын жасау. **(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жалпақ, дөңгелек пішіндерді мүсіндей білуге, өз қалауы бойынша алынған пішіндерді құрастыруды, материалдарды ұқыпты қолдана білуге үйрету.<br>Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. **(сенсорика)**<br>Мақсат-міндеттер. Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру.<br>Табиғат бұрышын қарастыру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Мақсат-міндеттер. Өлі табиғат заттарының қасиеттерін (су, құм, тас) ойын арқылы түсіну (суды құю, төгу, шашу, құмды салу, шашу, жинау, мүсіндеу, тасты жинау, қалау).<br>Табиғаттағы ауа-райы құбылыстарын бақылау (жаңбыр, жел, күннің жарқырауы, қар).<br>Көгөністер (қызанақ, қияр, сәбіз) мен жемістердің (алма, алмұрт, шие, өрік) сыртқы түрін тану және атауларын білу. Өсімдіктердің (ағаш, жапырақ, гүл) өзін немесе оларды суретінен тану және атау. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) | Әңгімелесу: «Кішкентай балаларға арналған ойыншықтарды таңдау ерекшеліктері», «Ойыншықтар не үшін қажет?». | | | | |